

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор



Б.Қ.Исабек

«_____» 2022ж.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие және студент жастардың әлеуметтік мәселелеріне қатысты атқарылған жұмыстарының есебі.

Шымкент 2022 ж.

1. 2022-2023 оқу жылы ОҚМПУ-де тәрбие және әлеуметтік жұмыстарды жүргізу бойынша ұйымдастырушылық және жоспарлау бағыттарында атқарылған жұмыстар.

2022-2023 оқу жылының 31 тамызда ОҚМПУ-нің Тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары түзіліп, бекітілді. Тәрбие жұмыстарын жоспарлауда Ата Заң аясындағы азаматтардың құқықтарының сақталуы мен міндеттерін орындалуына, ҚР Президентінің дәстүрлі Жолдауларын түсіндіру, насихаттау, салалық министрлік тарапынан тәрбие және әлеуметтік жұмыстарға қатысты тапсырмалары мен мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттарын қамтитын тәрбиелік жұмыстарды сапалы жүргізу назарда ұсталды. Сонымен қатар еліміздегі мемлекеттік, кәсіби мерекелер, тарихи тұлғалардың мерейтойлық жылдарымен қоса, білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына қатысты ОҚМПУ Ғылыми Кеңесі шешімдерін жүзеге асыру көзделді. 2022-2023 оқу жылында ОҚМПУ-нің мерейлі 85 жылдығына орай университет көлемінде 85 іс-шара жоспарланып өткізілсе, оның басым бөлігін тәрбиелік жұмыстар құрады.

Жоспарға сай мерекелік тәрбиелік іс-шаралардың басы 30 тамыз ҚР Конституциясы күні меркесі мен 01.09.2022 ж. 1 қыркүйек – Білім күніне арналған мерекелік іс-шаралардан бастау алды. Салтанатты жиында ОҚМПУ Басқарма төрағасы-Ректор, т.ғ.к, доцент Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы барша ұстаздар мен студенттерді Білім күнімен құттықтап, арманшыл жастарға жарқын болашақтың «алтын кілті» мен сапалы өмірдің бастамасы, білім атты дархан жолдың жолдамасы ретінде «сынақ кітапшасын» тапсырды. Толығырақ (<https://www.instagram.com/p/Ch9bOT-tJSj/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>).

Аталған атаулы күндер мен ҚР Тілдер күніне арналған іс-шаралар барлық оқу топтарының тәрбие жұмыстары жоспарларына сай іс-шаралармен толықты. Олардың маңызы мен қамтылу көлемін арттыру мақсатында барлық дерлік іс-шаралар туралы ақпараттар әлеуметтік желілер мен БАҚ -да жарияланып отырды.

2022-2023 оқу жылында жоспарлы және жоспардан артық атқарылған жұмыстардың санының көптігіне байланысты жылдық есепте негізінен цифрлық мағлұматтар басым көрсетіліп, негізгі деген 2-3 іс-шара мен талдамалар беріледі. Атқарылған жұмыстардың дәлелдемелік материалдары электронды адрестері сілтемелерде қосымша (.....бетте)беріледі.

ЖОО тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру мен құрылымдар арасындағы жұмыс үйлесімділігін қамтамасыз мақсатында оқу жылының 1-ші қазаннан бастап университеттегі құрылымдық өзгерістерге сай «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті» құрылды. Оның құрамына жаңадан құрылған Психологиялық қолдау, Өзбекәлі

Жәнібеков орталықтары мен қатар бұрыннан қызмет етіп келе жатқан **Жастармен жұмыс бөлімі, Қоғамдық кәсіптер орталығы, Мәдениет бөлімі, «Тұран» спорт клубы** бөлімдері енді. Аталған бөлімдердің және университеттің 6 деканатының тәрбие жұмыстарының жоспарлары жаңадан түзіліп, бекітілді. Ал оқу жылы басында бекітілген жоспарлар бойынша кешенді үйлестіру жұмыстары жүргізілді. Жаңадан құрылған бөлімдердің қызметкерлерінің қызметтік бағыттары сапа менеджменті талаптарына сәйкес анықталып, бекітілді және таныстырылды.

Бүгінгі күні университеттегі тәрбие жұмыстарына тікелей жауапты құрылым ретінде Департаментке қарасты бөлімдердегі қызметкерлерінің жалпы штат саны – 28,5 штатты құрайды. Оның ішінде, Департамент директоры – 1 толық, Психологиялық қолдау орталығы – 3 толық, Өзбекәлі Жәнібеков орталығы – 2 толық, Мәдениет бөлімі – 4 толық, Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығы – барлығы 12, оның 10 толық, 2-0,5 штатта, Тұран спорт клубы – 1 толық, 2-0,5 штат, Жастармен жұмыс бөлімі – 3,5 штатта. Сонымен бірге ЖОО-дағы алты факультетте деканның тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары мен топ тәлімгерлерінің (жалпы саны – 184) тәрбие жұмыстарында қосқан үлестері мол болды. Ортақ бірлескен жұмыстар арқасында 2022-2023 оқу жылында жоспарлы және жоспардан тыс тәрбиелік жұмыстарды өз деңгейінде атқарылып, олардың санымен қатар сапалық көрсеткіштерін арттыру бағытына басымдықтар берілді.

Университет басшылығы тарапынан Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің жүргізген тәрбие жұмыстарын жоғары деңгейлерде жүргізуге материалдық-техникалық, әдістемелік тұрғылардан белгілі бір деңгейлерде қолдаулар көрсетілді. Атап айтқанда, ФортеБанктің әлеуметтік қолдау жобасы аясында 1 Студенттер үйінде орналасқан COWORKING орталығы ашылды.

2022-2023 оқу жылынан бастап жаңадан құрылған **Психологиялық қолдау, Өзбекәлі Жәнібеков** орталықтарына, **ЖОО ның – 85 жылдығы** аясында ашылған **«М.Шаханов», «Ұлт ұстаздары»** дәрісханалары материалдық-техникалық құралдармен жабдықталды. «Шаңырақ» ғимаратының фойесінде ЛЭД экран орнатылды. Студенттер алаңының қайта ішінара жаңғыруы, университеттің ұлттық нақышта безендірілген киіз үйінің жабдықталып қолданысқа берілуі және жастардың бос уақыттарда бас қосып пікір алмасуына қажетті орындардың ғимараттардың ішінде де, сыртта да жабдықталуы сияқты игілікті істер жастарды тәрбиелеу жұмыстарында маңызды рөл атқарды.

Бекітілген жоспарларға сай 2023 жылдың 1 қаңтарына алып қарағанда университеттегі жалпы саны 7406 білім алушыға, оның ішінде мемлекеттік гранттағы-3450, ақылы бөлімдегі 3956 білім алушы тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде бакалавриат бойынша 6847 (грантта 3019, ақылыда-3828), магистратурада -520 (оның гранты-392, ақылы-128) және докторантура бойынша 39 (бәріде грант) білім алушымен тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Олардың арасында 182 шетелдік студенттер бар (Өзбекстан Республикасы -168; Түркменстан-14). Жалпы білім алушылардың ұлттық құрамы 23 ұлтты құраса, ең көбі қазақтар - 6333, өзбектер - 842, орыстар - 59, одан соң азербайжан 32, түркмен- 20, тәжік- 16, түріктер-14 қалғандары оннан кем санды құрады. Жыл басында студенттер арасында түркілер арасында сирек кездесетін хазар ұлтынан -1 студенттің болғаны сияқты қызықты мәліметтер кездесті. Жыныстық құрамы жағынан алғанда білім алушы қыз балалар саны ер балалардан екі еседен артық.

ҚР ЖОО арасында ОҚМПУ жатақханамен студенттерді толықтай орынмен қамтыған бірден бір оқу орны. Биылғы оқу жылында жалпы жатақханалардағы орындар саны - 1421 құрады. №4 жатақханадағы 350 орынның 260 орнында өзге ЖОО студенттері орналасқан. Оқу жылы аяғына қарай тек №4, №2 жатақханалар бойынша 40 орын бос тұрды.

Аталған оқу жылында жалпы білім алушылардың оқу топтарға бөлінуі анықталған соң оларға топ тәлімгерлері бекітіліп, олардың жылдық жұмыс жаспарлары түзіліп бекітілді. Әлеуметтік көмекке мұқтаж білімгерлер саны анықталып, олардың қажеттілігіне байланысты әлеуметтік тұрғыдан көмектер көрсетілді. Оның ішінде жатақханамен қамту, әлеуметтік көмектер алу т.б. сияқты мәселелерде алғашқы кезектер қарастырылған. Факультеттер тарапынан да олардың мұқтаждықтарына үнемі назар аударылып отырды. ЖОО-да қыркүйек-қазан айларында студенттер арасында орамал тартатын немесе хиджаб киетін студенттер саны 100 санын құраса, жыл соңына дейін тиісті жүргізілген тәрбиелік насихат-түсіндіру жұмыстары, мектептердегі талаптардың нәтижесінде олардың саны артпады. Керісінше кему үрдісі байқалды.

Олардың факультеттер бойынша орындалу көрсеткіші 1-ші кестеде берілді.

1КЕСТЕ

р/с	Факультет бойынша	ОҚМПУ бойынша	Оқу топтарына	Студенттердің арасында	Тұл жетім	Мүгедек білім алушылар	Орамал
-----	-------------------	---------------	---------------	------------------------	-----------	------------------------	--------

		оқу топтарының жалпы саны (бакалавриат)	бекітілген топ тәлімгерлерінің жалпы саны	әлеуметтік қолдауды қажет ететіндердің жалпы саны	және жартылай жетім	саны	тартатын немесе хиджаб киетін студенттер саны
1	Физика - математика	47	26	36	2/26	8	10
2	Жаратылыстану	39	32	65	4/55	6	10
3	Филология	58	32	149	21/118	10	40
4	Тарих және педагогика	78	40	41	9/23	9	24
5	Өнер және білім	30	27	34	3/18	13	4
6	Дене шынықтыру және спорт	60	27	48	30/10	8	2
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	312	184	373	69/250	54	90

ЖОО кейінгі білім беру институтының білімгерлері де тәрбие және әлеуметтік жұмыстарға тартылған. Мысалы, магистратура бөлімінің I курсының 2 магистранты тұл жетім ретінде степендияларына 30% мемлекеттік қосымшаларды пайдаланады. Докторанттар мен магистранттар ЖОО жүргізілген тәрбие жұмыстарына белсене араласады. Мысалы, оқу жылының алғашқы жартысындағы ОҚМПУ-нің 85 жылдығы мен **27.04.2023 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен **«Тарихи тұлғалар: ұлттық тәрбие және сабақтастық»** атты республикалық форум жұмыстарына студенттер мен магистранттар, докторанттар белсене қатысты. Олар ғылыми баяндамалар жасап, түрлі тәрбиелік және мәдени іс-шараларда өз өнерлерін көрсетті. Аталған Республикалық форум аясында «Өзбекәлі Жәнібеков орталығы» ашылды. Аталған орталық ізденуші білімгерлерге ұлт тарихындағы біртуар тұлғаның этнографиялық бай мұрасын зерттеуге қызмет етумен қатар жалпы ұлттық мәдени танымдық тәрбие құндылықтарын, қазақ мәдениетінің қалыптасу үрдісін және даму белестерін ғылыми тұрғыда дәйекті негізде таныстыруға, ғылыми,

педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан жәрдем көрсетіп, болашақ педагог мамандардың білімі мен тәжірибесін кеңейтуге ықпал етеді деп күтілуде.



Толығырақ: <https://www.instagram.com/p/Crk7RA1AtSG>

2. Патриоттық сананы қалыптастыру. 2022-2023 оқу жылында ОҚМПУ-нің тәрбие жұмыс жоспарларында патриоттық тәрбие бойынша жалпы саны 63 іс-шара жоспарланып орындалды. Жоспардан тыс 68 іс-шара қосымша өтті. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 2-ші кестеде көрсетілген.

2 КЕСТЕ

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	9	14	5
2	Жаратылыстану	23	24	1
3	Филология	8	28	20
4	Тарих және педагогика	6	26	20
5	Өнер және білім	8	22	14

6	Дене шынықтыру және спорт	9	17	8
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	63	131	68

Мысалы, 2022 жылдың 6-қазан күні сағат 15:00-де COWORKING орталығында «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің 1402-12 және 1402-22 топтары студенттерінің ұйымдастыруымен «Ш.Мұртазаның мұрасы - адалдықтың жебесіндей» атты ашық тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты: халық жазушысы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғамдық саяси қайраткер, журналист аудармашы, Ш.Мұртазаның өмірі, шығармашылығы туралы тереңірек түсінік берілді, қазақ халқының ашаршылық жылдарындағы қайғылы кезеңдері мен тарихи бастан кешкен қасіретін танытылды, студенттердің өз бетімен ізденіп оқу, шығармашылық дағдылары қалыптастырылды, ел тарихымен таныстыра отырып, студенттерді елін, жерін, халқын сүйуге тәрбиелеп, Отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру жолдары айқындалды.



Іс-шара туралы толығырақ: https://www.instagram.com/p/CjaH1zBKrSy/?utm_source=ig_web_copy_link ;
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid037BVRgQqwq2zvqE1CHKHDSWqsBQkQPABG1y5pVojTXgNGajT7HV CQrn2JXKgLcXHT1&id=100081144904702&mibextid=Nif5oz.

5.05.2023 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған «Бабалар батырлығы – бізге аманат» мерекелік іс-шарасы өтті. Университеттің оқытушы-профессорлық құрамы мен студенттері қатысқан салтанатты жиын мемлекеттілігіміздің негізі болған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Гимніне құрмет көрсетілді. Мереке аясында бірқатар әріптестеріміз табысты

еңбегі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Түркістан облыстық мәслихатының, "Amanat" партиясы Түркістан облыстық филиалының Құрмет грамоталарымен, университет басшылығының Алғыс хатымен марапатталды.

2022 жылды 18 қазан күні «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің ұйымдастыруымен 6B01401 - Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасының 2 курс студенттері және оқытушысы Батаев Дулат Алшынбаевич, «Дене шынықтыру және спорт» факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бекбосунов Аңсарбек Құралұлы, факультет әдіскері Берікбай Дәулет Мақсатұлы, тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің маманы Бердібаев Абзал Темірханұлының бастауымен Ордабасы ауданына қарасты Бадам елді мекенінің 98 жастағы тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Мұратов Кәлменмен «Ешқашан ешнәрсе ұмытылмайды» тақырыбында кездесу өткізіп қайтты. Толығырақ :

https://www.instagram.com/p/Cj5cz6bKeeq/?utm_source=ig_web_copy_link

1. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0294bN1LN4YNqY4Kj3A3LqLAZR7s4Dwr9fefj4oGu1yRjQyVHoRCYpL2TjEdhFRuhPl&id=100081144904702&mibextid=Nif5oz



02.06.2023 ж. Ө.Жәнібеков орталығында 4 Маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер: Тарих және таным» тақырыбында тарихи танымдық кездесу өтті. Кездесуге тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

міндетін атқарушы Анарбаев Қайрат Сапарханұлы мен Тарих және педагогика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер қатысты.



Сонымен қатар оқу жылы көлемінде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен де бірлескен іс-шаралар өтті. Мысалы, Шымкент қаласы әкімдігі Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың бастамасымен 2023 жылдың 15-24 мамыр күндері Шымкент қаласындағы ЖОО-дары мен орта арнаулы оқу орындары студенттері арасында «Тарихтан тағылым» тақырыбында әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылған тарихи дәрістерге ЖОО-ның ғалымдары тартылды. Дәрістерде жастарға биылғы жылда еліміз көлемінде аталып отырған атаулы тарихи оқиғалардың маңызы, сабақтары және тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі, олардың отансүйгіштік қасиеттері таныстырылды.

Аталған жобаның қорытынды жиыны 2023 жылдың 23 мамыр күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақстан» залында өтті. Жиналған қауымға ғалымдар арнайы тақырыптарда баяндамалар оқып, ОҚМПУ-нің жас ақындары жырдан шашу шашты. Іс-шараның қорытындысы бойынша аталған жобаға белсенді қатысушыларға Алғыс хаттар мен заттай сыйлықтар тапсырылды..

3. Рухани – адамгершілік даму бағыты.

2022-2023 оқу жылында тәрбиенің негізгі салалық бағыты саналатын «Рухани – адамгершілік даму бағыты» бойынша 50 іс-шара жоспарлы және 47 жоспардан тыс, жалпы 97 іс-шара орындалды. Бұл бағытта мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу және Ә.Бөкейхановтың «Елге, жұртқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген қағидатын жастарға түсіндіру мен бойларына сіңіру бағыттарындағы жұмыстарға баса назар аударылды. Әрине, аталған қағидатты тәрбие саласында алғашқы рет қолға алғандықтан кейбір іс-шаралардың көздеген мақсаттар биігінен көріне алмай қалған тұстары да аз емес. Жалпы қызығушылық пен ынта басымдығы байқалады. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 3-ші кестеде көрсетілген.

3 КЕСТЕ.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	4	4	0
2	Жаратылыстану	15	15	-
3	Филология	7	11	4
4	Тарих және педагогика	12	32	20
5	Өнер және білім	4	23	19
6	Дене шынықтыру және спорт	8	12	4
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	50	97	47

Мысалы, 16.09.2022 ж. ОҚМПУ 85 жылдық мерейтойының аясында Қоғамдық кәсіптер орталығының «Көрме» залында, «Аспаптар жасау» үйірмесінің жетекшісі Самат Утебулатов «Ұлт мұрасын ұлықтау - ұрпаққа парыз» атты мәдени танымдық іс-шара өткізді. Іс-шара барысында қазақтың ұлттық аспаптары - ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, халқымыздың жыр аңыздарынан, дастандарынан, көнеден келе жатқан мәдени мұралардың бірі екенін, ертеде саз аспаптарды ағаштан, түрлі өсімдіктерден, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізінен, қылынан және басқа да түрлі заттардан жасалғаны кеңінен түсіндірілді. Іс-шара соңында «Аспаптар жасау» үйірмесі 85 жылдық мерейтойға орай, оқу ордамызға арнайы қазақтың нарқобызын сыйға тартты.



Ұстаздар күні қарсаңында 26.09.2022 ж. ОҚМПУ-нің 85 жылдық мерейтойына орай білім ордасының бас ғимаратында "Ұстаз һәм шәкірт" деп аталатын сурет көрмесі ашылды. Онда графикадан аға оқытушы, ҚР Мәдениет қайраткері Беркінбай Шуланбеков пен оның шәкірттерінің еңбектері қойылған. Көрме мазмұны рухани өмірімізбен тарихи тұлғаларды танытуды көздегені суреттерден байқалды. Жастар мен қонақтар көрмені тамашалады. тКәсіби мереке мен мерейлі 70 жасқа толуына Беркінбай Шуланбековты университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева және еңбек ардагерлері құттықтады.



28.09.2022 ж. жылы белгілі халық жазушысы, қоғамдық-саяси қайраткер, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, баспасөз баһадүрі Шерхан Мұртазаның туған күні. Жазушы 90 жасқа келер еді. Осы атаулы күні физика-математика факультетінің студенттері мен университет кітапханасының ұжымы «Қазақтың Шерағасы» тақырыбында семинар өткізді. Еске алу кешінде жазушының рухына тағзым ретінде «Бір кем дүние» кітабынан үзінділер оқылды, әуезді әндер шырқалып, күміс күйлер шертілді. Оқырман қауымына «Шерхан Мұртаза – қазақ әдебиетінің қызыл жемісі» атты библиографиялық көрсеткіш үлестірілді. Семинарда «Рухани жаңғыру» және тәрбие бөлімінің басшысы Анарбаев Қайрат Сапарханұлы Шер ағамыздың еңбектері туралы мағлұмат бере отырып, студент жастарымызды сауаттылыққа, рухани жағынан дамудың маңыздылығын айтып өтті.



4. **Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу бағыты** бойынша 19 іс-шара жоспарланып, 40 іс-шара орындалды. 21 жоспардан тыс орындалды. Аталған бағытта еліміздегі ішкі саясат пен қоғамның тұтастығы, ұлтаралық татулық пен толеранттылық мәселелеріне байланысты тәрбиелік жұмыстар қол алынды. Солардың арасында ҚР Президентінің Жодауларын жастарға түсіндіру, талдау мен насихаттау бағытындағы жұмыстарда жүргізілді. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 4-ші кестеде көрсетілген.

4 КЕСТЕ.


р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	1	1	-
2	Жаратылыстану	8	8	-
3	Филология	3	5	2
4	Тарих және педагогика	3	17	14
5	Өнер және білім	1	4	3
6	Дене шынықтыру және спорт	3	5	2
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	19	40	21

Мысалы, 12.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Баршагүл Исабек модераторлығымен ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 1-қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауын насихаттау, түсіндіру мақсатында ОПҚ және студент жастармен «Қазақстан дамуындағы түбегейлі жаңа саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды айқындаған – Жолдау» тақырыбында семинар жиын өтті.

29.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде білім алушылармен кері байланыс нығайту мақсатында «қоғамдық қабылдау» ісі өз жұмысын бастады. Бүгін университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева және

Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімінің басшысы Қайрат Анарбаев алғаш болып қоғамдық қабылдауда студенттермен жүздесті.

Кездесуде студенттер ойда жүрген сұрақтарына жауап алды, ұсыныс-пікірлерін айтты. Қоғамдық қабылдау оқу орындары мен қоғам арасында тығыз байланыстар орнату үшін қажет болып отыр. Басты міндет - студенттермен, ұжыммен, қоғаммен тұрақты жұмыс істейтін байланыс арналарын құру және ҚР Президентінің Жолдауы аясында ғылым және жоғары білім саласындағы жобаларды жүзеге асыруды үйлестіру болып табылды.



5. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.


2022-2023 оқу жылында аталған бағытта факультеттер бойынша 35 шара жоспарланып, жалпы 58 іс-шара өткізілді. Яғни 23 іс-шара жоспардан тыс орындалды. Салауатты өмір салты бойынша Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментіне қарасты «Тұран» спорт клубы және Психологиялық қолдау орталықтары мамандарының, түрлі спорттық үйірмелердің жетекшілерінің көп көмегі болды. Өйткені, дені саудың жаны сау қағидаты назарға алынды. Жастардың психологиялық салмақтарды көтере білуі де маңызды. Ұлттық психологиялық менталитет пен бүгінгі ахуалдарды да мамандар естен шығарған жоқ. Өз кезегінде ол жұмыстарға кешенді келу бағыты ұстанылды. Мысалы, сол жұмыстар нәтижесінде республикалық және әлемдік додаларда

ОҚМПУ спортшылары топ жарды. Бүгінгі күнге ЖОО-да жалпы саны 15 құрайтын әлем чемпиондары бар. Олардың 6 биылғы оқу жылында осындай атаққа ие болды. Аталған бағытта атқарылған жұмыстардың орындалуының сандық көрсеткіші 5-ші кестеде берілген.

5 КЕСТЕ.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	5	5	
2	Жаратылыстану	8	8	-
3	Филология	5	6	1
4	Тарих және педагогика	3	16	13
5	Өнер және білім	3	11	8
6	Дене шынықтыру және спорт	11	12	1
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	35	58	23

2022 жылдың қыркүйек айының 23-24 күндері Сайрам ауданы Ақсу елді-мекенінде қазақ күресінен дәстүрлі «Оңтүстік Қазақстан» газетінің жүлдесі үшін өткен турнирде ОҚМПУ командасы ІІІ орын алды.




«Қазақстан» мәжіліс залында жастардың өмірге деген құштарлығы мен қызығушылығын арттыру мақсатында «Мен өзіме сенемін, Жетістікке жетемін» тақырыбында факультет студенттерімен мотивациялық тренинг іс-шара өткізілді. Қонаққа шақырылған мотиватор А.Б.Өтеген студенттерге өмірлік жетістікке жету мен болашаққа деген сенімділік бүгіннен бастау алатындығын айта отырып, еркін форматта сұрақ-жауап айдарын өткізді. «Мен өзіме сенемін, Жетістікке жетемін» мотивациялық тренинг іс-шара туралы толығырақ: (<https://www.instagram.com/reel/Ck-WLeUDsrC/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>)

11.05.2023 ж. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және өз-өзіне қолу салудың алдын-алу мақсатында университет студенттерімен гинеколог, психолог мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында орталық басшысы Г.Т.Айтжанова студент қыздарға әлемнің кереметіне жататын қыз балаларына мотивация бере отырып, алдыға дамуларын тіледі және қазіргі таңда әлемдік мәселеге жататын өз-өзіне қол жұмсаумен тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарын айта отырып осы жағдайлардан аулақ болуына және алдын-алуға жолдарына бағытталған жұмыстар жүргізді.



2023 жылдың сәуір айының 26-27 күндері Орталық Қажымухан стадионында ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы В.П.Лепинскийді еске алуға жеңіл атлетикадан өткен халықаралық турнирде оқу орнымыздың командасы командалық есепте II-орын алды.



22.09.2022 ж. Айтжанова Г.Т. – Психологиялық қолдау бөлім жетекшісі, Төлеген Ж.А. - Психологиялық қолдау бөлімінің бас маман-психологы, Күмісбек Ұ.Ж. - Психологиялық қолдау бөлімінің маман-психологы, Прланов Б.С. – ЭБ психологы капитан, Аширбеков Е.А. - БК ТжӘҚЖЖО подполковник, Тамырбаев Қ.А. - ЭПБ бастығы подполковник, Қайназарова Н.Б. - №53 мекеме психологы капитан, Шымкент горнизонының әскери прокуратурасының прокуроры, Жолдасқызы А - Шымкент қаласы «Дін істері» басқармасының теологы, Әбілхайрова А.Н. - Шымкент қаласы психикалық денсаулық орталығының психологы, ОҚМПУ «Әскери дайындық және денешынықтыру» кафедрасы студенттері, «Психологиялық қолдау» орталығының ұйымдастыруымен **«Жасыруға болмайтын жағымсыз ақиқат»** тақырыбында семинар болып өтті. Семинардың мақсаты - жастар арасындағы өз-өзіне қол салу оқиғаларының алдын-алу. Айтжанова Гульнара Турмахановна өз сөзінде студенттерге практикалық жүзде өтіліп жүрген өз-өзіне қол салу тақырыбындағы жұмыстарымен бөлісе отырып, оны жеңу жолдарын ұсынды. Сонымен қатар, өз-өзіне қол салуға итермелейтін себептерді семинар қатысушыларына видеорликтер арқылы көрсетіп сұрақ-жауап жүргізді. Шымкент қаласы Дін істер басқармасының теологы Жолдасқызы Аружан өз сөзінде өз-өзіне қол салуға деген діни бағыттағы көзқарастарын айтып өтті. Семинар соңында жалпы тақырып аясында сұрақ-жауап айдары жүрді. Қорыта келгенде, Психологиялық қолдау орталығы мамандарының кәсібилігі мен қажетілігі анық байқалады. Биылғы оқу жылы көлемінде мамандардың нәтижелі жұмыстарының арқасында 1 суицидтің алдын алу орын алды.



«Жасыруға болмайтын жағымсыз ақиқат» семинары
(<https://www.instagram.com/tv/CizxA76K488/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>)

6. Жастар бастамаларын қолдау бағытында 2022-2023 оқу жылында жоспарланған 38 іс-шара болса, 80 шара орындалды, Жоспардан тыс 42 іс-шара өткізілді.

ОҚМПУ Тәрбие жұмыстарында тұлғаны қалыптастыру басты назарда. Оның ішінде жастар арасындағы еріктілердің (волонтер) игілікті бастамаларына үнемі басшылық тарапынан қолдаулар көрсетіліп келеді. Бұл орайда жастардың рухани, кәсіби, бәсекеге қабілеттілік сапаларын арттыруға бағытталған жұмыстарына, бастамаларына ерекше назар аударылады. Бұл бағыттардағы іс-шараларда жастардың республикалық деңгейлердегі іс-шараларға қатысуынан бастап, өз ойларын қоғам алдында ашық айта білу машықтарын қалыптастыру мен белсенді болуға, елдің қамын ойлауға ынтасын ояту мақсаттары көзделеді. ОҚМПУ-де сондай деңгейлердегі жұмыстарды бірлесе атқаруға да жағдайлар жасалған. Мысалы, 2 қазан 2022 жылы ЕСО STUDENT7KZ республикалық акциясы, 2023 жылы 1-2 сәуір күндері республикалық деңгейлерде «Көктем шапағаты» атты дәстүрлі Дебаттық турнирлері, ОҚМПУ «Кітап фестивалі» сияқты маңызды іс-шаралар өтті. Биылғы оқу жылында факультеттер бойынша атқарылған жұмыстар көрсеткіші 6 кестеде көрсетілді.

6 КЕСТЕ:

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика – математика	7	7	0
2	Жаратылыстану	9	9	-
3	Филология	9	21	12
4	Тарих және педагогика	7	22	15
5	Өнер және білім	1	4	3
6	Дене шынықтыру және спорт	5	17	12
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	38	80	42

15.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған іс-шаралардың бірі Қоғамдық кәсіптер орталығының «Көрме» залында, Домбыра үйірмесінің жетекшілері Шыңғыс Исаев пен Әліби Нышан және Домбыра үйірмесіне қатысушы 3 курс студенті Азамат Махмудов «Дәстүрлі күй мектептерінің ерекшеліктері» атты тәрбие бағытындағы лекция концерт өткізді. Лекция концертке оқу ордамыздың қызметкерлері мен студент жастары қатысты. Іс-шара барысында әр өңірдің күй өнерінің шығу тарихын түсіндіре отырып, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова, Төлеген Момбеков, Нұрғиса Тілендиев сынды тұлғалардың күйін күмбірлете орындап, көрерменнің ықыласына бөленді.



22.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында Қоғамдық кәсіптер орталығының «Көрме» залында, «Дефиле» үйірмесінің жетекшісі. Халықаралық дәрежедегі дизайнер Марат Ерімбетов пен Мақпал Туреханова «Ұлттық киім - ұрпаққа мұра» атты мәдени танымдық іс-шара өткізді. Іс-шара барысында «Ұлы дала айшықтары», «Жігерлі жастар», «Сұлу сылқым» атты коллекциялар студент жастардың назарына ұсынылды. Үйірме жетекшісі Марат Ерімбетов қазақ қыздарының және әйелдердің арасында заман талабына сай тігілген ұлттық киімдер мен орамал, бас-киімдер сұранысқа ие бола бастағаны туралы айтты.

7. Ақпараттық-насихаттау жұмысы.

ЖОО-да атқарылған жұмыстарды ақпарат көздері арқылы насихаттау мен жастардың өз ойларын дұрыс көпшілікке жеткізе білу, жалпы көпшілікті игілікті істерге тартуда ақпараттық насихаттық жұмыстардың орны ерекше. Бұл бағытта кез келген тәрбиелік жұмыстарды әлеуметтендіру мақсатына сай жұмыстар факультеттер мен тәрбие құрылымына қатысты бөлімдер арқылы үнемі, әрі тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Мысалы, ОҚМПУ Медиа орталығы мәліметтеріне сай Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті 2022-2023 оқу жылында 01-қыркүйектен бастап Әлеуметтік желілердегі (Fb, Insta) 4 ресми парақшада 401 публикация жарияланды.

Оның ішінде:

Посттар – 337

Роликтер – 64

Бұқаралық ақпарат құралдарына 178 рет шықтық

Оның ішінде:

Жергілікті телевидение – 52 сюжет

Республикалық телевидение - 21 сюжет

Жергілікті газет-журнал – 80 мақала

Республикалық газет-журнал – 15 мақала

Ақпараттық порталдар - 10 жаңалық берілсе, соның басым бөлігі руханият пен тәрбиеге тікелей тәрбие жұмыстарымен байланысты болды. Жалпы факультеттер бойынша осы бағыттағы атқарылған жұмыстардың сандық көрсеткіші төмендегі 7-ші кестеде берілді.

7 КЕСТЕ.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	4	4	0
2	Жаратылыстану	8	8	0
3	Филология	5	5	0
4	Тарих және педагогика	4	17	13
5	Өнер және білім	2	4	2
6	Дене шынықтыру және спорт	5	7	2
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	28	45	17

8. Құқықтық тәрбие.

2022-2023 оқу жылында Ата заңымызда көрсетілгендей құқықтық мемлекет пен «Жаңа Қазақстанды» құрудағы азаматтардың мемлекет заңдарын білуі, қолдануы, өз құқықтары мен міндеттерін танытуға бағытталған құқықтық тәрбие жұмыстары басты назарда болды. Жастардың ғана емес, ұжым қызметкерлер мен ОПҚ құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы жоспарлы және жоспардан тыс тәрбиелік жұмыстар да жүргізілді. Ол жұмыстарда қылмыстың алдын алу, болдырмау, оның ішінде бүгінгі қоғамның дертіне айналған жемқорлықпен күрес бағыты, азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен заңды сақтауы, сыйлауы және өркениетті қарым-

қатынастар мәдениетін меңгеруіне бағытталған жұмыстар назарда болды. Факультеттер бойынша атқарылған жұмыстардың көрсеткіші 8-ші кестеде берілді.

8 КЕСТЕ

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	2	2	0
2	Жаратылыстану	7	7	0
3	Филология	3	4	1
4	Тарих және педагогика	4	15	11
5	Өнер және білім	2	8	6
6	Дене шынықтыру және спорт	4	9	5
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	22	45	23

13.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15-ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары 4-ші жалпыұлттық басымдығының «**сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**» семинары өткізілді. Семинарға Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор Баршагүл Исабек модераторлық етті. Семинар барысында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Заң факультеті Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, Ph.D доктор Ермек Бекбосынов баяндама жасады. Ол еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыру, адалдық идеологиясын насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



24.04.2023 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Шаңырақ» ғимаратының 317 дәрісханасында ҚР Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқармасының мамандарының қатысуымен «Қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейін жоғарылату» бағытында арнайы іс-шара өтті. Аталған іс-шараға қатысқан ҚР Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқарма бастығының орынбасары Мүсіров Мұхтар Ашенұлы жалпы аталған басқарманың қызметі мен атқарып отырған жұмыстарына қатысты ақпараттар берді.



Қорытынды талдау.

2022-2023 оқу жылында Тәрбие және әлеуметтік салада атқарылған жұмыстар ОҚМПУ-нің мерейлі 85 жылдығы аясындағы іс-шаралармен және салалық министрлікке қарасты департаменттердің тапсырмаларын орындау, мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен біріккен тәрбиелік жұмыстарға ОҚМПУ студенттерінің көптеп қатыстырылуы есебінен жоспардан артық орындалды. Мысалы, факультеттердің тарапынан жоспарланған тәрбие бағытындағы 255 іс-шарасы 496 –ға жетіп, 241 іс-шара жоспардан тыс орындалды. Дегенмен олардың арасында өте сапалы орындалғандары да, кейбір кемшін тұстарымен атқарылғандары да кездесті. Жалпы алғанда «қанағаттанарлық» деңгейде деп бағалауға келеді. Тәрбиелік іс-шаралардың саны мен сапасының арта түсуі ұжымның бірлескен ортақ жұмыстарының нәтижесінде мүмкін болып отыр. Жалпы алғанда тәрбиелік және әлеуметтік салалар бойынша үлкен кемшіліктерге орын берілмеді. Ол жұмыстардың нәтижелігіне басшылықтың қолдауы, ЖОО құрылымдық өзгерістерге сай тәрбие бағытында аталған саланың жауапкершілігіне тікелей қатысты Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің құрылуы және ең бастысы ОПҚ мен жастардың білімі мен мәдениеттілік деңгейлерінің өзара ұштасуы мүмкіндік берді деп санаймыз. Дегенмен жетістіктер мен қатар кейбір кемшін және қауіпті тұстар да байқалды. Оның негізгілерін төмендегі жиынтық талдамада көрсете отырып, алдағы уақыттарда шешімін табуы тиіс мәселелер бойынша ұсыныстар беріледі.

ОҚМПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» департаменті жылдық жұмыс жоспарына сай және тәрбие бағытындағы жұмыстарды атқаруда ОҚМПУ ОПҚ педагогикалық және тәжірибелік әлеуетінің жоғары болуы; - ОПҚ мен білім алушылардың түрлі деңгейлердегі	- ОПҚ ЖОО көлеміндегі және мемлекеттік гранттық ғылыми жобаларға қатысуға ғылыми жобалар мен тәрбие жұмысы сапасын жоғарылату бойынша әдістемелік құралдарды ұсынуы деңгейінің төмендігі; - Тәрбие бағытындағы жұмыстарды жандандыру бойынша

Қайыптілігі	Мүмкіндіктері
<p>жұмыстарда ОЛҚ тек универ жүйесіндегі белгілі бір «балл» берілген тапсырмаларды орындаумен шектелуі, жеке белсенділікке ұмтылуының төмен деңгейі;</p> <p>- Жоспардан тыс республикалық іс-шаралар санының артуымен кейбір ЖОО көлеміндегі іс-шараларды өткізуге уақыт пен мүмкіндіктердің аздық етуі. Мысалы, «Боз бала мен бойжеткен», «Үздік тәлімгер» байқаулары кейінге шегерілуі;</p> <p>Оқу жылының бірінші жартысындағы белсенділіктің I жартыжылдықтан соң басендеу үрдісінің байқалуы. Оған себептің бірі тәрбиелік іс-шараларға қатысушы білім алушылардың сабақтар мен арнайы жаттығулардан заңды босатылуына және олардың еліміздегі, ЖОО –ның имиджін көтерудегі еңбектерінің жекемен пән оқытушылары тарапынан жеткілікті деңгейде бағаланбауы себеп.</p>	<p>(республикалық, қалалық, ЖОО-дағы) тәрбиелік, кәсіби үйірмелік, спорттық секциялар мен өзге де іс-шараларға қатысу белсенділігінің жоғарылығы;</p> <p>-Студенттердің (оның ішінде шетелдік азаматтығы бар туысқан түркі халықтар өкілдері де бар) арасында жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды тануға, діни толеранттылық пен «Рухани жанғыру» бағдарламасына қызығушылығының деңгейі жоғары;</p> <p>- «Үздік тәлімгер» байқауына қатысуға топ тәлімгерлерінің ынталарының жоғары болуы;</p> <p>- Тәрбие жұмыстарын жүргізуге қажетті материалдық-техникалық құралдардың жабдықталуының жоғары деңгейі мен мүмкіндіктердің молдығы.</p>
<p>- Жастар арасында жекеменен сұицидтік әрекеттердің байқалуы;</p> <p>-ЖОО шеңберіндегі «Рухани жанғыру» және тәрбие жұмыстарын жетілдіру бағытындағы бастамалық сипаттардағы ғылыми жобалар мен әдістемелердің болмауы.</p>	<p>-ОҚМШҰ ұлттық тәрбиенің салалары бойынша елімізде жетекші ЖОО болу мүмкіндігі өте жоғары;</p> <p>-Материалдық базаның талаптарға сай келуі және интеллектуальды жастардың көптігі;</p> <p>-Тәрбие саласындағы жұмыстарда ұлттық идеологияның қайнарларынан сусындатуға бағытталған итілікті бастамалар республикалық және қалалық деңгейлерде атқарылып келеді. Сабақтастыққа айналыру арқылы ғылыми зерттеу жобаларын жасап Ғылым және Жоғары білім министрлігі жобаларына</p>

<p>қатысу мүмкіндіктері мол;</p> <p>-«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар мен ақпараттық танысудың мол мүмкіндіктері бар;</p> <p>-Рухани мұралар санатындағы Қазақ батырлар жырларының электронды нұсқаларының топтамасы мен руханият саласындағы деректі фильмдер қорымен толық танысу.</p>	
---	--

2022-2023 оқу жылындағы ОҚМПУ Тәрбие бағытындағы жұмыстар туралы жылдық есебі бойынша шешімдер мен ұсыныстар:

1. ОҚМПУ-нің 2022-2023 оқу жылындағы Тәрбие бағытындағы жұмыстар туралы жылдық есебі «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. Университетте болашақта әрбір студенттің жиынтық GPA баллын енгізу жұмыстарын жоспарлап енгізуде студенттердің университеттің қоғамдық саяси өмірі, мәдени-рухани іс-шараларға қатысу мүмкіндіктерін одан ары арттыру, тәрбие жұмыстарына ерікті тартылуы мен жеке белсенділік танытуына ықпал ету мақсатында жиынтық балдың кемінде 30 % тәрбие саласындағы жетістіктеріне бөлуді қарастыру ұсынылады.
3. **2023-2024 оқу жылынан бастап университеттің факультеттері мен кафедраларының есебінің жүйелігі мен нақтылығын арттыру мақсатында төмендегіше ішінара сипаттардағы өзгерістер енгізу ұсынылады:**

1	А) Барлық құрылымдар бойынша титульдық парақтар сол күйінде сақталады.
---	--

2	Ә) Қазіргі қолданыстағы есеп беру жүйесінің талаптарының үлгісі:	Жаңаша нұсқа үлгісі:
	<p>6. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.</p> <p>6.1. Факультет бойынша топтарда өткізілген тәлім-тәрбиелік іс-шаралар жайлы (мазмұны, формасы туралы мәлімет).</p> <p>6.2. Тәлімгерлердің оқу топтарына бекітілуі.</p> <p>6.3. Студенттер үйінде білім алушылармен өткізілген іс-шаралар.</p> <p>6.4. Білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.</p> <p>6.5. Білім алушылардың үйірмелерге қатысуы және түрлі қоғамдық жұмыстары туралы (Тіркеме № 32, 33).</p> <p>6.6. Қорытынды.</p> <p>6.7. Ұсыныстар.</p> <p>6.8. SWOT-талдау деген түрде белгіленген.</p>	<p>6. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.</p> <p>6.1. Деканаттардың тәрбие жұмысы жоспарларының және оқу топтарына тәлімгерлердің бекітілуі. Факультет студенттер саны, олардың азаматтығы, әлеуметтік қамсыздандырылуы жағдайы, ұлттық және жыныстық құрамы туралы мәліметтер.</p> <p>6.2. Факультет бойынша топтарда өткізілген тәлім-тәрбиелік іс-шаралар жайлы (<i>бағыты, мазмұны, формасы, қамту көлемі туралы мәлімет</i>).</p> <p>6.3. Студенттер үйінде білім алушылар (саны, құрамы, әлеуметтік жағдайы, оқу жылы көлеміндегі қозғалысы) және олармен өткізілген тәрбиелік іс-шаралар.</p> <p>6.4. Білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.</p> <p>6.5. Білім алушылардың үйірмелерге қатысуы және түрлі қоғамдық жұмыстары туралы (Тіркеме № 32, 33).</p> <p>6.6. Қорытынды.</p> <p>6.7. Ұсыныстар.</p> <p>6.8. SWOT-талдау.</p>

Б) 2023-2024 оқу жылынан бастап Тәрбие саласындағы атқарылған жұмыстарды ОПҚ универ жүйесі арқылы индикативті баллдарын бағалау жүйесіне 2023-2024 оқу жылынан төмендегіше өзгерістер енгізуді ұсынамыз (Қосымша кестеде ұсынылады):

1) ОПҚ тәрбие жұмысындағы еңбектерінің бағалануы мүмкіндіктерін арттыра түсу арқылы олардың тәрбие саласындағы белсенділіктерін көтеру мақсатында **біріншіден**, 3.3 бөлігін бұрынғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар *(бекітілген ресми тізімі бойынша)* деген тармақты жаңаша **«Тәрбие жұмысының сапасы мен мазмұнын жоғарылатуға серпін берген бірегей іс-шаралар, бастамалар мен жобалар және мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар *(бекітілген ресми тізімі бойынша)*» деп өзгерту.**

Осы бөліктегі 3.3.1 тармағындағы бағалауды бұрынғы 100 баллдан 80 ге кеміту, оның 20 баллын 3.3.3 ЖОО көлемінде (екеуден артық емес) деп қосымша тармақ енгізе отырып соған ауыстыру.

2) 3.4.1 тармағындағы Қазақстанның 100 жаңа есімі *100 баллын 70 – ке түсіру. Оның 30 баллын 3.3.5 «Тәрбие жұмысының сапасы мен мазмұнын жоғарылатуға серпін берген бірегей ғылыми жобалар немесе тәрбие жұмыстарына қажетті әдістемелік құралдар әзірлеу (екеуден артық емес)»* деген жаңа тармаққа енгізу. Бұл өзгерістер ЖОО ОПҚ тәрбие саласындағы жұмыстарға белсене араласуына ықпал етеді деп санаймыз.

Ұсыныс кесте бойынша:

III. Тәрбие және жастар саясаты бағыты			Қосымша
3.1	Факультет, тәрбие құрылымдары бойынша сала жауаптылар <i>(Оқу-әдістемелік жұмыс, ҒЗЖ және СҒЗЖ, Кәсіптік бағдар жұмыстары, Практика бойынша, СМЖ, Халықаралық қатынастар</i>	саны	20

	<i>бойынша, аға куратор, куратор және т.б.)</i>			
3.2	ОҚМПУ имиджін көтеру, білім, тәрбие саласында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар (бекітілген ресми тізімі бойынша)			
3.2.1	Халықаралық БАҚ, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар және халықаралық деңгейде ұйымдастырылған іс-шараларда (конференция, дөңгелек үстел, форум т.,б.) баяндамалар жасау (екеуден артық емес)	саны	50	
3.2.2	Республикалық, облыстық, қалалық БАҚ, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар және қала, республика көлемінде ұйымдастырылған іс-шараларда(конференция, дөңгелек үстел, форум т.,б.) баяндамалар жасау (екеуден артық емес)	саны	25	
3.3	Тәрбие жұмысының сапасы мен мазмұнын жоғарылатуға серпін берген бірегей іс-шаралар, бастамалар мен жобалар және мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар (бекітілген ресми тізімі бойынша)			
3.3.1	Халықаралық (екеуден артық емес)		80 (бұрын 100)	
3.3.2	Республикалық (екеуден артық емес)		45	

3.3.3	ЖОО көлемінде (екеуден артық емес)		20 (жаңа)	
3.3.4	Ұлт руханияты мен тұлғатанулық еңбектер (соның ішінде Өзбекәлі Жәнібековтің тәрбиеге қатысты еңбектерінің) таныстырылымы (екеуден артық емес)		30	
3.3.5	«Тәрбие жұмысының сапасы мен мазмұнын жоғарылатуға серпін берген бірегей ғылыми жобалар немесе тәрбие жұмыстарына қажетті әдістемелік құралдар әзірлеу (екеуден артық емес)»		30 (жаңа)	
3.3.6	Киелі жерлерге танымдық саяхаттар (екеуден артық емес)		45	
3.4	«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздары			
3.4.1	Қазақстанның 100 жаңа есімі	саны	70 (бұрын 100)	

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты»
департаменті директоры, т.ғ.к., доцент м.а.:  Анарбаев Қайрат Сапарханұлы**

Жылдық есептің цифрлық материалдарын дайындауға жауапты маман: Ж.Жүндібаева
Телефон: 87054349032

ОҚМПУ-нің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие және студент жасардың әлеуметтік мәселелеріне қатысты атқарылған жұмыстарының жылдық есебі ОҚМПУ Ғылыми Кеңесінің «26» маусым 2023 ж. күні №13 мәжілісі күн тәртібінде қарастырылып қабылданды.

Ғылыми Кеңес төрағасы:

Ғылым хатшы: